



## БАҚ-тар үшін хабарлау

**«Самұрық-Энерго» Қазақстанның 2020 жылғы 5 айдағы электр энергиясы мен көмір нарығы туралы.**

**9.07.2020 ж.**

Жүйелік оператордың деректері бойынша ҚР электр станциялары 2020 жылғы қаңтар-мамыр аралығында **45 577,5 млн.кВтсағ.** электр энергиясын өндірген, бұл 2019 жылдың дәл осындай кезеңінен 3,3%-ке көп. Артығымен өндіру Қазақстан БЭЖ-інің барлық зоналарында байқалды. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның ресми сайтында орналастырылған, Қазақстанның 2020 жылғы қаңтар-мамыр аралығындағы электр энергиясы мен көмірінің нарығына жасалған талдау-есепте осы туралы айтылған.

2020 жылғы бес айда **генерациямен байланыстырылған электр энергиясын өндіру 22,5 млрд. кВтсағатты** құрады, бұл 2019 жылдың осындай кезеңімен барабар (22,8 млрд. кВтс). Сонымен бірге, 2019 жылғы қаңтар-мамырмен салыстырғанда байланыстырылған генерацияның үлесі кіші-гірім өсіп, ҚР-да өндірілген электр энергиясының жалпы көлемінің 49,6%-тін құрады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның энергия өндіретін ұйымдары 2020 жылғы қаңтар-мамырда өндірген электр энергиясының көлемі 12 225,7 млн. кВтсағатты құрады немесе 2019 жылғы осындай кезеңнің көрсеткіштерімен салыстырғанда 7%-ке ұлғайды.

Жүйелік оператордың деректерінше, өткен жылғы осындай кезеңнің көрсеткіштерімен салыстырғанда 2020 жылғы қаңтар-мамырда республиканың электр энергиясын пайдалану динамикасында 2% өсім байқалды. Мәселен, республиканың солтүстік зонасында тұтыну 2%-ке, батыс зонасында 5%-ке және оңтүстік зонасында 1%-ке өскен.

ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитетінің ақпаратынша, 2020 жылғы қаңтар-мамыр аралығында Қазақстанда **44 951,9 мың тонна тас көмір өндірілген**, бұл 2019 жылғы осындай кезеңнен 2%-ке жоғары (43 874,7 мың тонна).

«Самұрық-Энерго» АҚ мен ресейлік «РусАЛ» БК тең негізде басқаратын, көмір өндіруші «Богатырь Көмір» ЖШС 2020 жылғы қаңтар-мамырда 19 428 мың тонна көмір өндірді, бұл 2019 жылдың осындай кезеңіне қарағанда 6%-ке көп (18 328 мың тонна). Осы кезең ішінде 19 498 мың тонна көмір сатылды, соның ішінде:

- ҚР-ның ішкі нарығына 15 151 мың тонна, бұл 2019 жылдың осындай кезеңіне қарағанда 8,8%-ке көп (13 923 мың тонна);

- экспортқа (РФ) – 4 346 мың тонна, бұл 2019 жылдың осындай кезеңіне қарағанда 1,8%-ке көп (4 271 мың тонна).

**ЖЭК-терді пайдаланатын нысандар (КЭС, ЖЭС, БГС, шағын СЭС-тер)** 2020 жылғы қаңтар-мамырда өндірген электр энергиясының көлемі 1 170,2 млн. кВтсағатты құрады. 2019 жылдың 5 айымен салыстырғанда (643,5 млн. кВтсағ.) өсім 81,8%-ті құрады.

Ағымдағы жылдың бес айында БГҚ-лардың және шағын СЭС-тердің электр энергиясын өндіруі төмендегені байқалады, ал ЖЭС және КЭС нысандарының электр энергиясын өндіруі артқан.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) нысандары (КЭС, ЖЭС, шағын СЭС-тер) 2020 жылғы қаңтар-мамырда өндірген электр энергиясының көлемі 143,5 млн. кВтсағатты немесе ЖЭК нысандары өндірген электр энергиясының жалпы көлемінің 12,3%-ін құрады, бұл 2019 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 9,1%-ке жоғары («Самұрық-Энерго» холдингіне қарасты компаниялардың 2019 жылғы қаңтар-мамырда өндірген ЖЭК көлемі 131,5 млн. кВтсағатты, ал холдингтің ЖЭК-тегі үлесі 20,4%-ті құрады).

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның ЖЭК нысандарында электр энергиясын өндірудің төмендеуіне себеп – ҚР ЖЭК-тің жаңа қуат көздерін іске қосу.

Қазақстанның 2020 жылғы қаңтар-мамыр аралығындағы электр энергиясы мен көмір нарығы жөніндегі Есеп туралы толығырақ ақпаратпен «Самұрық-Энерго» АҚ-ның сайтында мына сілтеме арқылы танысуға болады: <https://www.samruk-energy.kz/ru/press-center/analytical-review>

#### ***Анықтама:***

*«Самұрық-Энерго» АҚ – Қазақстандағы аса ірі электр энергетикалық холдинг, акцияларының 100%-ы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ға тиесілі. 2007 жылы құрылған. Жұмысының негізгі бағыттары: электр және жылу энергиясын өндіру; электр энергиясын жеткізу, бөліп-тарату және сату; энергетикалық көмір өндіру. Холдингтің құрамына энергия және көмір өндіру кәсіпорындары, соның ішінде: «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «Богатырь Көмір» ЖШС, «Алматы электр станциялары» АҚ, «О.Д. Қантаев атындағы Мойнақ су электрстанциясы» АҚ, «Шардара СЭС» АҚ және т.б. кіреді.*

---

*«Самұрық-Энерго» АҚ Үкіметпен байланыс және коммуникациялар офисі*

*Тел: (7172) 55-30-62; [r.tasbulatov@samruk-energy.kz](mailto:r.tasbulatov@samruk-energy.kz)*